

**ТЕОРИЯЛЫҚ ЛИНГВИСТИКА
ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЛИНГВИСТИКА
THEORETICAL LINGUISTICS**

Мақала/Статья/Article
FTAMP 16.21.07

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-12-27>

Маханбет Джусупов

филология ғылымдарының докторы, профессор,
Өзбекстан мемлекеттік әлем тілдері университеті, Өзбекстан, Ташкент қ.,
ORCID: 0000-0002-2934-2333 E-mail: mah.dzhusupov@mail.ru

**А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҒЫЛЫМИ БІЛІМНІҢ
АНТРОПОЦЕНТРИСТІК ПАРАДИГМАЛАРЫ ЖӘНЕ ТІЛДІ
ҚҰРАЛ МЕН ҚАРУ РЕТІНДЕ АНЫҚТАУ**

Андатпа. Мақалада аса өзекті мәселе ретінде А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі парадигмалар, ғылыми білім парадигмалары мен антропоцентризм құбылыстары, олардың ғылыми жүйедегі орны, көрініс беру арналары мен түрлік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. «Парадигма» ұғымы, термині үш аспектіде талқыланады: Ф. де Соссюр түсінігіндегі парадигма – тіл бірлігінің грамматикалық (я басқа) формасының бір түрі я түрлер жиынтығы; Т.Кун түсінігіндегі парадигма – ғылым танымында бір уақыт кезеңі (дәуірі, ғылым дамуына, кезеңдеріне байланысты); парадигма, тілтанымындағы ғылыми білімдер парадигмаларының А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі орны (тарихи-салыстырмалы, жүйелі-құрылымдық, антропоцентристік). Ғылыми ізденіс барысында А.Байтұрсынұлының еңбектері зерттеліп, мәтіндеріндегі парадигма, ғылыми білімдер парадигмалары, антропоцентризм бағыттарына сай көзқарастары анықталып, ішкі және сыртқы дүниелері талқыланып, ғалымның бүгінгі тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттарға лайықты ғылыми ізденістер жасағаны көрсетілді. А. Байтұрсынұлы тілді *құрал*, *қару* ұғымында түсінгені және соларды ғылыми ақпаратқа ендіргені, тілтанымдық, әдістемелік еңбектерді дүниеге келтіргені жан-жақты зерттеліп, айқындалды. Әлемдік тіл білімінде бірінші болып (1914 ж.) «тіл – құрал», «тіл – қару» ғылыми концепциясын тіл біліміне, әдістемеге нық ендіргендігі дәлелденеді. Еуропа тілтанымында (мысалы, орыс тілтанымында) «тіл – құрал», «тіл – қару» (язык – инструмент, язык – оружие) ұғымы XX ғасырдың соңы мен XXI ғасыр басында айтыла бастады (В.А. Маслова, С.Г. Тер-Минасова т.б.). Мақалада А. Байтұрсынұлының антропоцентризмді екі аспектіден тұратынын анықтап, соған лайықты тілдік материалды (жалпы адамзаттық (универсалды), ұлттық-мәдени) жиі қолданғаны көрсетіліп, талқыланады. А. Байтұрсынұлының еңбектерінде универсалды және қазақи-ұлттық антропоцентристік аспектілер біртұтас іргелі негіз ретінде қызмет атқарып, оның ғылыми тұжырымдарының терең мазмұнын айқындай түседі. Қазақи-ұлттық антропоцентризм аспектісі адамзаттық антропоцентризм аспектісімен бірігіп, өзекті ғылыми тұғыр ретінде ұсынылады. Ғылыми ізденіс барысында семантикалық, салыстырмалы, лингвотеориялық жазылым, индуктивтік, дедуктивтік т.б. зерттеу әдістері қолданылғаны еңбектің теориялық және тәжірибелік маңызын ашуға негіз болды.

Тірек сөздер: тіл білімі; ғылыми білімдер парадигмалары; парадигма; тіл – құрал; тіл – қару; антропоцентризм

Сілтеме жасау үшін: Джусупов М. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі ғылыми білімнің антропоцентристік парадигмалары және тілді құрал мен қару ретінде анықтау. *Tiltanym*, 2025. №2 (98). 12-27-66.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-12-27>

Маханбет Джусупов

доктор филологических наук, профессор,
Узбекский государственный университет мировых языков, Узбекистан, г. Ташкент,
ORCID: 0000-0002-2934-2333 E-mail: mah.dzhusupov@mail.ru

**АНТРОПОЦЕНТРИЧЕСКИЕ ПАРАДИГМЫ НАУЧНОГО ЗНАНИЯ
В РАБОТАХ А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ: ЯЗЫК КАК ИНСТРУМЕНТ И ОРУДИЕ**

Аннотация. В статье рассматривается актуальная проблема парадигмы в целом и парадигмы научных знаний, антропоцентризм, их место и значение в научном наследии А. Байтұрсынұлы. Понятие «парадигма» и термин «парадигма» в трудах А. Байтұрсынұлы исследуется с трёх научных позиций: с позиции Ф. де Соссюра (парадигма – разновидность грамматической или другой формы языковой единицы); с позиции Т. Куна (парадигма – эпоха, значительный отрезок времени в жизни науки, при котором она получила существенные результаты в своём развитии); место и значение понятия парадигма, парадигма научных знаний в исследованиях А. Байтұрсынұлы

(сравнительно-историческая, системно-структурная, антропоцентрическая). В ходе научного поиска осуществлена работа, результаты которой показывают, что в научном наследии А. Байтұрсынұлы ярко выражено представлены труды, которые выполнены в соответствии с современным пониманием парадигмы научных знаний. А. Байтұрсынұлы ввёл в научный оборот понятия и концепции «тіл – құрал» (язык как инструмент) и «тіл – қару» (язык как орудие) в 1914 году. Эти термины он не только теоретически обосновал, но и использовал в качестве названий своих учебников по казахскому языку, написанных арабской графикой. В Евразийском языкознании (например, в русском) подход к концепции «язык – инструмент, язык – орудие» в соответствующих терминах берёт своё начало с конца XX и начала XXI века (В.А. Маслова, Н.Г. Тер-Минасова и др.). Лингвистическое и лингвометодическое наследие А. Байтұрсынұлы построены на понятиях антропоцентризма, антропоцентрической парадигмы научных знаний, подразделяя на общечеловеческое (универсальное) и казахское национально-культурное, но рассматривает это как единое целое, состоящее из двух аспектов, что подтверждается большим объёмом соответствующего языкового материала. Использование в ходе научного исследования семантического, сопоставительного, лингвистико-теоретического, индуктивного, дедуктивного и др. методов исследования послужило основой для раскрытия теоретической и практической значимости работы.

Ключевые слова: лингвистика; парадигма научных знаний; язык – инструмент; язык – оружие; антропоцентризм

Для цитирования: Джусупов М. Антропоцентрические парадигмы научного знания в работах А. Байтұрсынұлы: язык как инструмент и орудие. *Tiltany*, 2025. №2 (98). С. 12-27. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-12-27>

Mahanbet Dzhusupov

Doctor of Philological Sciences, Professor,

Uzbek State University of World Languages, Uzbekistan, Tashkent,

ORCID: 0000-0002-2934-2333 E-mail: mah.dzhusupov@mail.ru

ANTHROPOCENTRIC PARADIGMS OF SCIENTIFIC KNOWLEDGE IN THE WORKS OF A. BAITURSYNULY: LANGUAGE AS A TOOL AND WEAPON

Abstract. The article deals with the actual problem of paradigm and paradigm of scientific knowledge, anthropocentrism, their place and significance in the scientific heritage of A. Baitursynuly. The concept of paradigm and the term paradigm in the works of A. Baitursynuly is studied from three scientific positions: from the position of F. Sossyur (paradigm is a kind of grammatical or other form of a linguistic unit); from the position of T. Kuhn (paradigm is a kind of grammatical or other form of a linguistic unit). Kuhn (paradigm is an epoch, a significant period of time in the life of science, at which it has obtained significant results in its development); the place and meaning of the concept of paradigm, paradigm of scientific knowledge in the studies of A. Baitursynuly (comparative-historical, system-structural, anthropocentric). In the course of scientific search the work was carried out, the results of which show that in the scientific heritage of A. Baitursynuly the works that are made in accordance with the modern understanding of the paradigm of scientific knowledge are clearly presented. A. Baitursynuly introduced the notion and scientific concept of ‘til – qural’ (language – tool), ‘til – qaru’ (language – weapon) in 1914, at the same time naming his textbooks on the Kazakh language in Arabic script. In Eurasian linguistics (for example, in Russian), the approach to the concept of “language – tool, language – weapon” in the corresponding terms started from the late XX and early XXI century (V.A. Maslova, N.G. Ter-Minasova, etc.). Linguistic and linguo-methodological heritage of A. Baitursynuly built on the concepts of anthropocentrism, anthropocentric paradigm of scientific knowledge, subdividing into universal (universal) and Kazakh national-cultural, but considers it as a whole consisting of two aspects, which is confirmed by a large amount of relevant linguistic material. The use of semantic, comparative, linguistic-theoretical, inductive, deductive and other research methods in the course of scientific research served as the basis for revealing the theoretical and practical significance of the work.

Keywords: linguistics; paradigm of scientific knowledge; paradigm; language – tool; language – weapon; anthropocentrism

For citation: Dzhusupov, M. Anthropocentric Paradigms of Scientific Knowledge in the Works of A. Baitursynuly: Language as a Tool and Weapon. *Tiltany*, 2025, No. 2 (98). P. 12-27. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-2-12-27>

Кіріспе

Тіл білімі философиядан, тарихтан жеке ғылым ретінде XIX ғасырдың бірінші жартысында бөлініп шықты. Себебі тілді зерттеу саласының өз нысаны, өз ұғымдары, олардың терминдері, зерттеу әдісі (әдістері), ұстанымдары пайда болды. Ол жағдай тарихи-салыстырмалы әдістің, сонан соң тарихи-салыстырмалы тіл білімінің ғылымтаным әлемінде өз орнын нық алғанымен байланысты. Еуропа ғалымдары көне үнді әдеби тілі – санскритті зерттеп, ол тілдің бүгінгі герман, роман, парсы, славян тілдерімен туыс екендігін дәлелдеді, сөйтіп, тарихи-салыстырмалы тілтаным және индоевропеистика пәндері ғылымтаным әлемінен орын алды (Буранов, 1983;

Юсупов, 2007; Энциклопедия. Языкознание, 2000).

XX ғасырдың соңғы ширегі мен XXI ғасырдың басында әлем тіл ғылымында жаңа бағыттар пайда болып, бірнешеуі қалыптасып жатыр. Олар – психолингвистика, мәтін лингвистикасы, лингвомәдениеттаным, когнитивтік тілтаным, компьютерлік тілтаным т.б. (Маслова, 1997, 2008; Алефиренко, 2005; Попова, Стернин, 2001; Джусупов, 2019).

Солардың қатарынан орын алған жаңа лингвистикалық бағыттар – ғылыми білімдер парадигмасы және антропоцентризм бағыты (Кун, 1977; Антропоцентризм в языке и культуре, 2017). Американдық ғылымтанушы Томас Кун ендірген ғылыми білімдер парадигма мәселесі – күрделі мәселе.

Осы күрделі ғылыми мәселе біздің «Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика» атты монографиямыз баспаға тапсырылған соң қарастырыла басталды, сондықтан кітаптың құрамына, ішкі мағыналық дүниесінің қисынына өзгерістер ендірмеу үшін бұл мәселе жеке мақала ретінде беріліп тұр.

Әр ірі ғалым тек өз заманының теорияларында ғана, ғылыми ағындарында ғана жұмыс істемейді. Үлкен ғалым өткен дәуірдің концепцияларында да, өз дәуірінің концепцияларында да, келешектің, әлі қалыптаспаған, бірақ бүрткі шашып ашыла бастаған концепциялардың аясында да ғылыми ізденістер жасайды. Ірі ғалым сол болашақта доминанта болатын ғылыми ағынның (ағындардың) шығу тегіндегі негізін қалыптастыруға ықпал етеді, жобалайды, болжамдайды.

Қазіргі заманның тілі білімі тарихы дәстүрлі көзқарас негізінде үш кезеңге (үш түрлі тіл біліміне) бөлініп тұр: тарихи-салыстырмалы тіл білімі (парадигма), жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигма), антропоцентристік тіл білімі (парадигма).

А. Байтұрсынұлы ғұлама ғалым, сондықтан бізде үлкен сұрақ туындайды: А. Байтұрсынұлы неше ғылыми білімдер парадигмасында ізденіс жасаған? Тек өз заманына сәйкес жүйелік-құрылымдық та ма? Жоқ, әлде XIX ғасыр тіл білімінің доминантасы – тарихи-салыстырмалы тілтанымда ма? Жоқ, әлде ол кезде әлі қалыптаспаған, бірақ болашақтың (XXI ғасырдың) антропоцентристік тіл білімінде ме?

Осы сұрақтарға жауап табу үшін, біз тіл білімінің кезеңдеріне қысқа шолу жасап, содан кейін А. Байтұрсынұлының еңбектерінің кейбір фрагменттеріне осы үш тіл білімі (үш ғылыми білімдер парадигмалары) негізінде талдау жасайық.

Материал және әдістер

Ғылыми ізденіс материалы ретінде А. Байтұрсынұлы еңбектерінің ішкі (ғылыми, әдістемелік дүниесі), сыртқы (құрылымды) көрінісі алынып, талқыланды. А. Байтұрсынұлы еңбектері (Тіл – құрал; Оқу құралы. Қазақша алифба т.б.) антропоцентризм, ғылыми білімдер парадигмалары, тіл – құрал, тіл – қару ұғымдары негізінде зерттеліп, олардың бүгінгі тілтанымдағы жетістіктерге сай екендігі көрсетілді. Зерттеу материалы кеңейтіліп, Т. Кунның, З.Д. Попова, И.А. Стернин т.б. мамандардың антропоцентризм, ғылыми білімдер парадигмалары мәселелеріне арналған шығармалары салыстырмалы түрде қарастырылып, А. Байтұрсынұлының 111 жыл бұрын жазған еңбектерінің өз заманының тілтанымдық әдістемелік, ғылыми деңгейінен ілгері болғаны айқындалды. Зерттеу барысында салыстырмалы, тілтанымдық жазылым, индуктивтік, дедуктивтік ғылыми зерттеу әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Бүгінгі тіл танымында антропоцентризм, тіл – құрал, тіл – қару, ғылыми білімдер парадигмалары мәселелеріне арналған ғылыми еңбектер көп (Кун, 1977; Тер-Минасова, 1999, 2000; Маслова, 2008; Джусупов, 2023, 2024). Антропоцентризм, ғылыми білімдер парадигмалары жан-жақты зерттеліп келеді: жалпы ғылымтанымда, тіл теориясында, салыстырмалы тіл білімінде, паремиологияда, әдістемеді (Антропоцентризм в языке и культуре, 2017). Парадигматика мәселесі Ф. Соссюр еңбектерінен басталады (Соссюр, 1933), ал тілдің екі түрлі (тіл, тілдесім) жағдайда өмір сүретіні В. фон Гумбольд еңбектерінен басталады да (Гумбольдт, 2000), Ф.Соссюрдің, Л.В. Щербаның т.б. мамандардың еңбектерінде жалғасады (Соссюр, 1933; Щерба, 2008). Бүгінгі, ертеңгі тіл білімінде адам – тіл әлемінде, тіл – адам әлемінде, яғни антропоцентризм, ғылыми білімдер парадигмалары мәселелерінің зерттелуі тереңдейді, кеңейеді.

Нәтижелер және талқылау

Тілтаным тарихындағы үш ғылыми білімдер парадигмасы

1. Тіл білімі тарихының бірінші кезеңі – тарихи-салыстырмалы парадигма кезеңі. Тарихи-салыстырмалы тіл білімі (тарихи-салыстырмалы ғылыми білімдер парадигмасы) XIX ғасырдың бірінші ширегінен – XX ғасырдың басына дейін ғылыми теориялардың негізі болды. Бұл кезеңде туысқан тілдердегі тарихи ұқсастықтарды тауып, сол тілдердің біріне-бірі жат емес, тегі бір екендігі дәлелденген. Тарихи-салыстырмалы (алдымен әдіс), содан соң тіл білімі, тіл туралы ілімді жеке арнайы ғылым деңгейіне (мәртебесіне) көтерді. Оған дейін тіл мәселелері көбіне тарих, философия ғылымдарының құрамында қарастырылатын болған. Тарихи-салыстырмалы тіл білімі Еуропада пайда болды. Еуропа ғалымдары өз тілдерінің Үндістанның көне әдеби тілі – санскритпен ұқсастықтары бар екендігін дәлелдеп, бұлардың тегі бір екендігін анықтады, сөйтіп, «үнді-еуропа тілдер» ұғымы, термині, тобы, семьясы, ғылыми ағыны пайда болды. Тарихи-салыстырмалы тіл білімінің бастамасында көбіне неміс ғалымдары тұрды (Франц Бопп, Якоб Гримм). Одан басқа даниялық тілші Расмус Христиан Раск болды. Тағы да басқа еуропалық тілшілер – Август Фридрих Потт, Август Шлейхер т.б. күрделі зерттеулер жүргізіп, үлкен із қалдырды.

2. Қазіргі тіл білімі тарихының екінші кезеңі – жүйелік-құрылымдық тіл білімі кезеңі, яғни структурализм (жүйелі-құрылымдық ғылыми білімдер парадигмасы). Бұл кезең XX ғасырдың басынан бүгінге дейінгі уақытты алады. Бұл тіл білімі кезеңінде тіл жалпы құрылым ретінде және нақты құрылымдық жүйе ретінде зерттеліп жазылды (фонетика және фонология, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис). Бір құрылымдық жүйенің ішінен бірнеше кіші жүйелер анықталды. Мысалы, тілдің дыбыстық жүйелік-құрылымдық құрамында: дауыстылар жүйесі, дауыссыздар жүйесі, акустика жүйесі, артикуляция жүйесі т.б. жүйелік-құрылымдық тіл білімін ғылым ретінде тереңдетті, биіктетті. Жүйелік-құрылымдық тілтанымның ғылыми, әлеуметтік, мәдени мәні теңсіз: әр тіл ғұлама дүние (ғұлама құрылым) ретінде анықталды, жазылымы жасалды, ғылыми үдеріске ендірілді; білім, мәдениет салаларына, міндетті түрде мектепке, жоғарғы оқу орнына оқытылатын пән ретінде ендірілді.

3. Қазіргі заман тіл білімі тарихының үшінші кезеңі – антропоцентризм парадигмасы. XX ғасырдың соңында, XXI ғасырдың басында тіл білімінің жалпы ағыны (тек тіл білімінің емес), ең алдымен, сол тілді пайдаланатын, дамытатын тіл тұлғасы – адамға қарай бұрылған: тілді адам арқылы зерттеу керек, себебі адам болмаса, тіл болмайды. Яғни тіл – адамда (тіл адам әлемінде), адам – тілде (адам тіл әлемінде): екеуін біріктіріп тұрған адам. Сондықтан бүгінде белгілі тілшілердің анықтауы бойынша, қазіргі және ертеңгі тіл білімі – антропоцентризм тіл білімі (антропоцентризм ғылыми білімдер парадигмасы). (Терминнің шығу тегі көне грек тілінен: а) *antrophos* – адам; латын тілінен *centrum* (центр) – ұшы өткір: орталық, қақ орта.)

Антропоцентристік тіл білімінің негізгі мақсаты тілді адам арқылы зерттеу болады, адамның сана-сезіміндегі тіл білімінің құрылымын, оның психобейнелік ерекшеліктерін, қалыптасу және өндірілу (тілдесім жасау) қасиеттерін т.б. анықтау; әлеуметтік, техникалық, психикалық өзгерістерге байланысты олардың даму үдерісінің негізгі ұстанымдарын, ережелерін білу, жазылымын жасау.

XXI ғасыр тілтанымның келешегін, негізгі бағытын анықтауға көптеген ғалымдар атсалысты. Оны атау үшін бірнеше термин ұсынылды, ұсынылып та жатыр (когнитивтік тіл білімі (парадигма), коммуникативтік тіл білімі (парадигма), антропоцентристік тіл білімі (парадигма) т.б.). Біз антропоцентризм терминіне тоқтадық, себебі: а) ішкі дүниесі нақты; ә) бүгінде ең жиі қолданылатын термин; б) тілді зерттеудің басында адам тұр.

Тіл білімінің осы үш кезеңдік түрін соңғы жылдары парадигма (ғылыми білімдер парадигмасы) терминімен атап жүр (Кун, 1977; Маслова, 2008; Алефиренко, 2005).

Соның салдарынан тіл білімінің тарихи кезеңдерінің негізгі бағыттарын атауда синонимиялық терминдер жиынтығы пайда болды: 1) тарихи-салыстырмалы тіл білімі, тарихи-салыстырмалы ғылыми білімдер парадигмасы; 2) жүйелік-құрылымдық тіл білімі – жүйелік-құрылымдық ғылыми білімдер парадигмасы; 3) антропоцентристік тіл білімі, антропоцентристік ғылыми білімдер парадигмасы. Екінші атаулардың (... парадигма) қысқартылған түрлері де жиі қолданылады: тарихи-салыстырмалы парадигма; жүйелік-құрылымдық парадигма; антропоцентристік парадигма.

Парадигма ұғымын және терминін тіл біліміне 1916 жылы Фердинанд де Соссюр ендірген

(Соссюр, 1933, 1988). Парадигма: грек тілінің сөзі «paradeigma» – мысал, үлгі. «Парадигма» термині негізінде «парадигматика» термині пайда болды. «Парадигма», «парадигматика» терминдері дәстүрлі тіл білімінде (жүйелік-құрылымдық) бір тіл бірлігінің (мысалы, сөздің) бірнеше грамматикалық я басқа формаларын (нұсқаларын) білдіреді (БЭС. Языкознание, 200: 366-367; Тіл білімі сөздігі, 1998: 263).

Мысалы, септелген бір сөздің грамматикалық формалары (парадигмасы).

- | | |
|----------------|---------------------|
| 1. Атау с. | адам, адамдар |
| 2. Ілік с. | адамның, адамдардың |
| 3. Барыс с. | адамға, адамдарға |
| 4. Табыс с. | адамды, адамдарды |
| 5. Жатыс с. | адамда, адамдарда |
| 6. Шығыс с. | адамнан, адамдардан |
| 7. Көмектес с. | адаммен, адамдармен |

Осы мысалда *адам* сөзінің жеке түрінде 7 (жеті) және көпше түрінде 7 (жеті), яғни 14 түрлі септік (грамматикалық формалары) көрініс тапқан.

Сонымен, дәстүрлі тіл білімінде бір тіл бірлігінің (сөздің) грамматикалық (я басқа) формаларының жиынтығын «парадигма я парадигматика» деп атайды.

«Парадигма» терминіне бүгінгі өркендеп бара жатқан жаңашыл тіл білімінде (антропоцентризм тілтанымы) жаңа ұғым, жаңа теория жүктеліп жатыр (ғылыми білімдер парадигмасы). Бұл жаңа ғылыми түсініктің авторы АҚШ ғалымы Т. Кун (жалпы ғылымтанушы). Т. Кун осы ғылыми теориясын (бүгінде бұл көзқарас полиғылымды теория деңгейіне көтерілді) 1962 жылы ағылшын тілінде жарық көрген еңбегінде әлемдік ғылыми қауымға ұсынды (Кітап орыс тілінде «Структура научных революций» деген атпен 1977 жылы Москвада баспадан шықты).

Т. Кун былай дейді: «Менің түсінігімде, парадигма дегеніміз – қоғамда қалыптасқан, мойындалған ғылыми жетістіктер. Олар белгілі бір уақыт кеңістігінде (кезең, дәуір) ғылыми қауымға мәселені қою ұстанымдары мен шешімін жасау моделін (қалыбын) ұсынады» (Кун, 1977: 17). Яғни, қорыта айтатын болсақ, Т. Кунның түсінігінде парадигма – тіл бірлігінің әртүрлі грамматикалық (я басқа) формалары емес. Парадигма – бір ғылымның (тіл, тарих, философия, математика т.б.) үлкен бір даму кезеңіндегі ғылыми білімдердің, ұғымдардың, ұстанымдардың, мәселені қою және шешу қалыптарының, яғни жетістіктерінің жиынтығы.

Қазіргі тіл білімінде парадигма мәселесі терең және кең талқыланады. Ғылыми білімдер парадигмасының жаңа түрлерінің (тілтанымның жаңа кезеңінің) пайда болуы, қалыптасуы орын алады (мысалы, антропоцентристік тіл білімі).

Жаңа парадигма (тіл білімі) өзінен бұрынғы парадигманың (тіл білімінің) жетістіктерін толық пайдаланады, себебі жаңа парадигманың пайда болып, қалыптасуының бастамасы алғашқы («бұрынғы») парадигмалардың ғылыми әлемінде өрнектейді. Мысалы, бүгінгі антропоцентристік парадигма (тіл білімі) өзінен бұрынғы, яғни дәстүрлі жүйелік-құрылымдық парадигманың және одан бұрынғы тарихи-салыстырмалы парадигманың жетістіктері негізінде пайда болды. Сонымен, бүгінгі тіл білімінде «парадигма» термині екі мағынада қолданылып келеді.

Ғылымның терминге қоятын бірнеше талабы бар. Солардың ішіндегі ең өзектісінің бірі – терминнің бір мағыналы болуы, яғни термин мағынасында екі ойлылық болмауы керек. Ғылыми терминнің барлығы осы негізгі ұстанымды сақтап жасалады.

Антропоцентризм парадигмасы терминінің екінші мүшесі – парадигма терминінде екі мағына пайда болып тұр: 1) парадигма – тіл бірлігінің әртүрлі грамматикалық (я басқа) формалары; 2) парадигма – ғылыми білімдер, ұстанымдар, теориялар, мәселені қою және шешу қалыптарының жиынтығы, ғылым тарихының бірнеше кезеңдеріндегі (дәуірлеріндегі) даму процесіне байланысты.

Осы екі мағыналық контекстерде айқын байқалады. Мысалы, *жаңа парадигма қалыптасты*. Осы сөйлемде парадигма терминінің мағынасын әрі бір тіл бірлігінің (мысалы сөздің) жаңа грамматикалық формасы (парадигмасы) қалыптасты деп түсінсе болады, әрі жаңа ғылыми кезең, жаңа ғылыми зерттеу жолы, жаңа ғылыми білімдер парадигмасы (жиынтығы, ұстанымдары т.б.) деп те түсінсе болады.

«Парадигма» терминін жаңа ұғымда тіл біліміне ендірген – АҚШ ғалымы (жалпы ғылымтанушы, тілші емес) Т. Кун, өзгелер осы жағдайға (парадигма терминінде екі мағыналық пайда болғанына) көңіл бөлмегендей болып тұр.

Неге олай? Біздің ойымызша, Т. Кун, көптеген АҚШ ғалымдары сияқты, Еуропа тіл білімін, Кеңес Одағындағы тіл білімін терең зерттемегенге ұқсайды. «Парадигма» терминін Ф. де Соссюр тіл біліміне бір тіл бірлігінің грамматикалық формасы және басқа формалары ұғымында 1916 жылы ендірген. Соны Т. Кун білген бе, білмеген бе? Білмеуі мүмкін, себебі АҚШ тіл білімі ғылым ретінде XX ғасырдың 20-30 жылдары терең қалыптаса бастады. Еуропа тіл білімі арнайы ғылым ретінде XIX ғасыр басында (бірінші ширегінде, бірінші жартысында) аяғына тік тұрды (тарихи-салыстырмалы әдістің және солай аталатын тарихи-салыстырмалы тіл білімінің пайда болуы негізінде). Жаңа ұғымды Еуропа тілшісі ендіргенде, «парадигма» терминіне екі мағына жүктелмес еді, себебі олар «парадигма» терминінің жүйелік-құрылымдық тіл біліміндегі мағынасын жақсы біледі. Олар басқа терминді қолданар еді демекпіз.

Біздің ойымызша, ғылыми кезең, ғылыми пікірлер жиынтығы ұғымында «парадигма» терминін емес, «тарихи-салыстырмалы тіл білімі», «жүйелік-құрылымдық тіл білімі», «антропоцентристік тіл білімі» (я тілтанымы) терминдерін қолдану жөн болар: мұндай қолданыс әрі дәстүрлі болар еді, әрі ғылыми білімдер жиынтықтарының, яғни тілтаным кезеңдерінің (түрлерінің) бірімен-бірі сабақтас екендігін нақты көрсетіп тұрар еді, әрі атаулардың, күрделі терминдердің бір ұғымдық және құрылымдық, сөзжасамдық модельдерде жасалғаны көрініп тұрар еді. Мысалы: тарихи-салыстырмалы тіл білімі; жүйелік-құрылымдық тіл білімі; антропоцентристік тіл білімі. Ал «парадигма» терминін (бір мағынада – 1916 жылы Ф. де Соссюр ендірген мағынада) қолданған дұрыс болар еді: дәстүр сақталады, екі ойлылық жойылады. Сонымен, қазіргі тіл біліміндегі «парадигма» терминінің екі мағыналы болуы, ғылымның терминге қоятын негізгі шарттарының бірі – бірмағыналық ұстанымы сақталмай тұр.

Бұл мәселеде Т. Кунға мін тағуымыз орынсыз деп ойлаймыз, себебі Т. Кун жалпы ғылымтанушы (науквед). Ол «парадигма» терминін ғылыми кезең, кезеңдік ғылыми үлгі, сол кезеңнің ғылыми білімдер жетістіктері, ұстанымдары жиынтығы мағынасында қолдануды жалпы ғылымға (тарих, философия, тіл білімі, математика т.б.) тән жағдай деп түсінген. Яғни «парадигма» термині осы мағынасында әр ғылымның зерттеу, даму кезеңдерін атап, айыру үшін сөз тіркестерінен тұратын күрделі терминдердің құрамында қолданылады.

Бірақ «парадигма» термині күрделі термин құрамында екі ойлылықты, екі мағыналылықты толық жоймайды. Мысалы: *тілтанымдық парадигма* (екі мағыналық бар); *антропоцентристік парадигма* (екі мағыналылық жоқ).

Бүгінгі тіл білімінде «парадигма» термині өзінің екінші мағынасында (ғылыми жол, ғылыми дәуір, ғылыми білімдер жиынтығы) кең таралды. Сонымен қатар «парадигма» терминінің 1916 жылы Ф. де Соссюр ендірген мағынасы әлем тіл білімінің ұлттық түрлеріне терең сіңіп кеткен, яғни «парадигма» терминін бірінші (дәстүрлі) мағынада қолдануы да нық аяқ басып тұр, келешекте де солай болады, себебі тіл – жүйе, құрылым. Парадигма (дәстүрлі түсінікте) сол жүйенің құрылым екенін көрсетіп тұрады (әрбір тіл бірлігінің құрамындағы грамматикалық формалар жиынтығын).

Бүгінде «парадигма» терминінің екінші мағынада қолданылуы кең тарады. «Парадигма» терминінің қазіргі тіл біліміндегі осындай екі мағынада қолданылуы ойландыратын жағдай. Бұл жағдай мәселені ғылыми талқылаудан өткізу керек екендігін көрсетіп тұр. Сонымен:

1. Біз «парадигма» ұғымын, терминін тілтанымындағы қолдану тарапынан қарасақ, онда терминде екі мағыналық бар болып шығады: а) тіл бірлігінің грамматикалық я басқа формасы, формалар жиынтығы; ә) тілтаным тарихында белгілі кезеңдегі ұғымдар, ғылыми білімдер, мәселені қою және шешу қалыптары, жетістіктер жиынтығы.

2. Біз «парадигма» ұғымына, терминіне жалпы ғылымдағы (тілтаным, математика, физика, геология, тарих т.б.), яғни ғылымтанымындағы қолданылуы тарапынан қарасақ, онда екі мағыналық болмайды, себебі ұғым, оның аталуы (парадигма) жалпы ғылымның даму тарихындағы кезеңдерге (дәуірлерге) байланысты қолданылады, тек тіл біліміне байланысты емес. Сонымен, шығу тегі бір болғанымен, «парадигма» ұғымы, термині (жалпы пәндераралық ұғымдар, терминдер сияқты) екі ғылымда екі түрлі мағынада қолданылуы мүмкін, себебі олар әртүрлі

ғылымдар. «Парадигма» ұғымына, терминіне байланысты: а) тіл білімі (нақты бір ғылым); ә) ғылымтаным жалпылама ғылым: ғылымдар жиынтығын зерттейтін пән).

А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі үш ғылыми білімдер парадигмаларының көрінісі; антропоцентризм, тіл – құрал, тіл – қару.

Осы заман тіл білімі үш кезеңнен (яғни үш түрінен, үш парадигмадан) құралады. А.Байтұрсынұлы, әрине, ең алдымен, жүйелік-құрылымдық тіл білімінің (парадигманың) ұстанымдары, ұғымдары, теориялары негізінде ғылыми ізденістер жасаған. Бірақ еңбектерін зерттей қарасақ, ғылыми ізденістердің басқа парадигмаларында да жасағаны айқын байқалады. Яғни, А. Байтұрсынұлы ғылыми қажеттілікке байланысты тарихи-салыстырмалы тіл білімі (парадигма) ұғымдарында да, ол кезде әлем тіл білімінде әлі орнықтамаған, әлі белгісіз болашақтың тіл білімі – антропоцентристік тіл білімі (парадигма) ұғымдарында да ғылыми ізденістер жасаған.

Бұның себебі неде?

Біріншіден, тарихи-салыстырмалы тіл білімі (парадигма) аясында ізденістер жасамаса, онда қазақ тілінің ішкі дүниесіндегі құрылымындағы кейбір ерекшеліктер ашылмай қалуы мүмкін еді. Сондықтан А. Байтұрсынұлы қазақ және басқа туысқан түркі тілдерін салыстырып (сөйлесім, жазылым, сөзжасам), сол тілдердің тарихи ұқсастықтары мен сол кездегі айырмашылықтарын анықтаған (қазақ, өзбек, татар, башқұрт, әзербайжан, ноғай т.б. тілдер). Осындай тарихи-салыстырмалы ізденістер қазіргі әдеби қазақ тілінің негізгі құрылымдық, жүйелік архитектурасын жасауға, ішкі дүниесін кең ашуға үлкен ықпалын тигізді. Сонымен, А.Байтұрсынұлы XIX ғасырдың тілтаным парадигмасы – тарихи-салыстырмалы тіл білімінің ұстанымдарының, әдістерінің негізінде де ғылыми ізденістер жасаған.

Екіншіден, жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигма) – А. Байтұрсынұлы заманының тіл білімі, яғни XX ғасырдың тілтанымдық негізі, доминантасы. Әлемдегі тілдер осы тіл білімінің теориялары негізінде зерттелді, жазылымы жасалды. А. Байтұрсынұлы жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигма) негізінде қазақ тілін зерттеп, тілдің ішкі және сыртқы дүниелерін терең және кең ашып, иерархиялық салаларының жүйелі жазылымын жасады (фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис) (Джусупов, 1995; 1998; Джусупов, Ибраимов, 2015).

Үшіншіден, тіл білімі саласындағы ізденістер – тілді жаратушы, қолданушы адамға да қатысты ізденістер. Бірақ жүйелік-құрылымдық тіл білімінде бірінші орында тіл бірлігі тұрған, сондықтан антропоцентризм көзқарасы болмады, я әлсіз, өте күреңкі күйде байқалатын еді. Ірі ғалымдардың жүйелік-құрылымдық еңбектерінде антропоцентристік бағыттың элементтері де орын алатын еді, себебі болашақтың теориялары, жалпы тіл білімі, яғни парадигмасы кешегі мен бүгінгі тіл білімдерінің (парадигмаларының) ішкі дүниесінде пайда бола бастайды, бүртік шаша бастайды. Сондай тіл білімінің жаңа түрі – бүгінгі антропоцентристік тіл білімі (парадигма) жүйелік-құрылымдық парадигма әлемінде дүниеге келіп, қазіргі кезде қанатын кең жайып жатыр.

А. Байтұрсынұлының жүйелік-құрылымдық тілтанымдық мұрасында антропоцентризм бағытының элементтері айқын байқалады.

Төменде А. Байтұрсынұлының үш түрлі тіл білімі (парадигмалар) негізінде жасаған ізденістерін дәлелді мысалдармен келтірейік.

А. Байтұрсынұлының жүйелік-құрылымдық еңбектерінде тарихи-салыстырмалы тіл біліміне (парадигмасына) байланысты ізденістер де орын алған.

Мұндай ғылыми ізденістер қазақ тілін жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигма) негізінде зерттеп жазған еңбектердің құрамында үлкен-кіші фрагменттер болып көрініс тапқан. Мақсат: мұндай тарихи-салыстырмалы ізденістер қазақ тілінің жүйе ретінде зерттелуінің дәлелділігі, шынайылығы, объективтілігі кең, терең және жан-жақты болуы үшін жасалған.

А. Байтұрсынұлының түркі тілдерінің ерекшеліктерін салыстыруы әрі тарихи-салыстырмалы, әрі жалпы салыстырмалы тіл білімінен орын алады, себебі ондай ізденістерде тілдердің элементтерінің кешегі және бүгінгі (А. Байтұрсынұлы заманындағы) жағдайы көрсетіледі. Сонымен қатар А. Байтұрсынұлының еңбектерінде синхрониялық зерттеулердің құрамындағы қажеттілігіне байланысты диахрониялық ізденістер де орын алған.

1913 жылы «Шора» журналының №14 санында «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласында А. Байтұрсынұлы қазақ және басқа бірнеше түркі тілдеріндегі жалғау-жұрнақтардың түрлерінің сөз түбіріне жалғану ерекшеліктеріне қарай тіл материалдарын салыстырады. Бүгінде

ондай салыстыру, әрі синхронды-салыстырмалы (М. Джусуповтың термині), әрі тарихи-салыстырмалы (диахронды) болып бағаланды.

«... Османылар «бін» дейді, біз «мен» дейміз, османылар «уар» дейді, біз «бар» дейміз: османылар «дағ» дейді, біз «тау» дейміз. Осы сөздердің қайсысы дұрыс? Османыларға сендердің «бін», «уар», «дағ» дегендеріңіз дұрыс емес, «мен», «бар», «тау» деп жазу керек дейміз бе? Сол секілді *ба*, *бе* дұрыс емес, *ма*, *ме* дұрыс деп, айтудың жөні жоқ... Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, *атасына*, *атасындан*, *атасындай* деп жазады. *Атасыға*, *атасындай*, *атасыдай* деп жазса, түсінбес пе? Әрине түсінеді, бірақ солай жазбайды. Олай жазса, татарша болмайды. Қазақ та солай: *ның*, *ны*, *лар*, *лық*, *лы* орынсыз жерлерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; жөнге тілдің табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған. Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң, оның түбі – ол тілді бұзу, өзгерту болады...» (Байтұрсынов, 1992: 398).

А. Байтұрсынұлы мәтінінің осы үзіндісінде туысқан тілдерді салыстыру әдісі айқын көрініп тұр. Қазақ, татар, түрік тілдерінде бір грамматикалық мағынаны көрсететін жалғау-жұрнақтардың айтылу және жазылу нұсқалары салыстырылып, сол үш тілдің әрқайсысына қажетті түрлері анықталады. Оларды бір түркі тілінен екінші түркі тіліне сол күйінде алмастыру, екінші тілдің табиғи сөзжасам, грамматикалық форма жасам жолдарына сай келмейтіндігі дәлелденеді.

Әрине, мәтіннің кейбір стилистикалық көрсеткіштері бүгіндегі қазақ тілінің ғылыми стилінің қалыптасқан деңгейіне толық сай келмейді. Бірақ бәрі түсінікті. Мәтіннің стилистикасы осыдан 111 жыл бұрынғы қазақ тілінің кітаби стилистикасына сай келеді. Бұл мәтін нақ ғылыми мақсатты көздеп жазылмаған; бұл мәтін ғылыми-популярлық (ғылыми-көпшіліктік) мақсатты да көздеп жазылған, себебі ол кездегі қазақ, татар, түрік т.б. журналдары жалпы гуманитарлық бағытта жарияланатын болған, ең алдымен, сауаттылықты көтеруге көңіл бөлген, яғни әрі зиялыларға, әрі қарапайым халыққа арналған.

А. Байтұрсынұлының жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигмасы) аясында жасаған ізденістерінен көрініс.

А. Байтұрсынұлының тілтанымдық, әдістемелік еңбектері – жүйелік-құрылымдық ғылымның (парадигманың) теориялық негіздерін, ұстанымдарын, ғылыми мектептерінің ұғымдарын негіз тұтқандықтың нәтижесі. Жалпы алатын болсақ, А. Байтұрсынұлы – тіл білімінің, әдебиеттанымның жүйелік-құрылымдық кезеңінде (парадигмасында) тек түркі тілтаным, әдебиеттаным әлемінде емес, жалпы әлемдік филология кеңістігінде үлкен орын алған ғалым (Байтұрсынұлы, 1914; 1992; 1926; 1991).

1925 жыл. Тіл – құрал. Дыбыс жүйесі мен түрлері. Қызыл-Орда. Бесінші басылуы.

А. Байтұрсынұлының осы кітабы да, басқа кітаптары да толық жүйелік-құрылымдық тіл білімінің (парадигманың) заңдылықтарына сүйеніп жазылған.

Кітаптың титулында «жүйе» сөзі орын алған (Дыбыс жүйесі мен түрлері). Яғни кітап жүйелі мазмұнда, жүйелі құрылымда жоспарланған, сол жүйелік-құрылымдық жоспар негізінде жазылған, баспадан шыққан.

Кітаптың ішкі дүниесі де, сыртқы дүниесі де толық жүйелі-құрылымды: 1914 жылғы жарияланғаны да, 1925 жылы жарияланғаны да (Байтұрсынов, 1992).

Жүйелік-құрылымдық тіл білімінде, яғни парадигмада бір үлкен жүйе ішінде бірнеше шағын, бірақ дербес жүйелер орын алады, яғни тіл біліміндегі құрылымдық – бұл көп жүйелі дүние (үлкен жүйе құрамында бірнеше шағын жүйелер).

А. Байтұрсынұлы еңбектерінде жүйелік-құрылымдық парадигманың осы негізгі заңдылықтарының бірі үлкен көрініс тапқан, яғни тілтанымдық, әдістемелік еңбектері нағыз жүйелі.

1925 жылғы «Тіл – құрал» кітабының жүйелік-құрылымдық көрінісінен мысалдар (үлгілер).

I. Тіл мүшелері (үлкен жүйе)

Сөйлеу және сөйлем

Сөйлем және сөз

Сөз бен буындар

Буын мен дыбыс (Байтұрсынов, 1992: 176-178).

Осы жүйелі ғылыми-әдістемелік жазылым бір үлкен жүйеден және соның ішкі дүниесін

ашатын төрт кіші жүйеден жасалған.

Жүйелі-құрылымды жазылымды жасау әдістемесі жоғарыдан төмен қарай бағытталған (вертикалды), яғни зерттеу жұмыстары үлкен тіл бірлігінен басталып, кіші тіл бірліктеріне өтеді.

II. *Қазақ тіліндегі дыбыстар: олардың таңбалары (үлкен жүйе)*

Дауысты дыбыстар

Дауыссыз дыбыстар

Дауысты дыбыстардың таңбалары

Дауыссыз дыбыстардың таңбалары

Жарты дауысты дыбыстар және олардың таңбалары

Қатаң дыбыстар

Ұяң дыбыстар

Ымыралы дыбыстар

Ымырасыз дыбыстар (Байтұрсынов, 1992: 179-181).

Осы жүйелі ғылыми-әдістемелік жазылымда бір үлкен жүйенің ішкі дүниесін ашу үшін, тоғыз кіші жүйе зерттеліп, олардың жазылымы жасалған.

Бұл жүйелік-құрылымдық жазылымды жасау әдістемесі – горизонталды, яғни тілтанымның дыбыстық иерархия саласында бір қатарда тұратын тіл бірліктері (дыбыс және таңба түрлері) бір ғылыми жүйе бағытында тең көзқарас негізінде зерттелген.

III. *1925 жыл. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері* («Тіл танытқыш» кітабы. Қызыл-Орда, 1925).

Бұл кітаптың жүйелік-құрылымдық (парадигма) жазылымында бірнеше түрлі зерттеу бағыты мен жазылым амалдары орын алған.

Сөйлем жүйесі (үлкен жүйе)

Бірінші бөлім:

Сөйлем мүшелері (үлкен жүйе)

Бастауыш

Баяндауыш. Баяндауыш болатын сөз таптары

Қосарлы баяндауыш

Жалаң сөйлем мен жайылма сөйлем

Анықтауыш

Анықтауыш болатын сөз таптары

Толықтауыш

Пысықтауыш сөздер

Мезгіл пысықтауыш

Мекен пысықтауыш

Сын пысықтауыш

Екінші бөлім:

Сөйлем түрлері

Жалпы түрлері

Болымды сөйлем

Болымсыз сөйлем

Толымды сөйлем

Толымсыз сөйлем

Жалаң сөйлем

Жайылма сөйлем

Айтылуынша айырылатын түрлері

Сұраулы сөйлем

Лепті сөйлем

Құрылуынан айырылатын түрлері

Іргелес сөйлемдер

Құрмалас сөйлемдер
 Салалас сөйлем
 Сабақтас сөйлем
 Басыңқы сөйлем
 Бағыныңқы сөйлем

(Байтұрсынов, 1992: 263-303).

Тақырыптың, кітаптың жүйелік-құрылымдық тіл білімі негізінде зерттеліп жазылуында структурализмнің әдіс-тәсілдері кең қолданылған.

Кітап үлкен жүйемен (сөйлем жүйесі) басталады. Одан соң кітаптың бірінші бөлімі үлкен жүйе – сөйлем мүшелерімен жалғасады, кейін әр сөйлем мүшесі кіші жүйе статусында зерттеліп, жазылады. Әр сөйлем мүшесінің жүйесінің ішінен тағы да кіші жүйелер анықталып, зерттеліп, жазылымы жасалады (пысықтауыш: мезгіл пысықтауыш, мекен пысықтауыш т.б.). Кітаптың осы бірінші бөлімінде зерттеу мен жазылым әрі вертикалды, әрі горизонталды жүйеде орындалған:

а) сөйлем жүйесі, сөйлем мүшелері;

ә) тілдік статусы тең тіл бірліктері: бастауыш, баяндауыш. Сонымен, кітаптың бірінші бөлімінде аз да болса, екі түрлі зерттеу жүйесі (бағыты) қиысылған (вертикалды, горизонталды).

Кітаптың екінші бөлімі горизонталды әдістеме негізінде орындалған, яғни тілдік статусы тең тіл бірліктері (сөйлем түрлері) зерттеліп, жазылымы жасалған. Бұл бөлімде де үлкен жүйенің құрамына бірнеше кіші жүйелер енген. Мысалы, құрмалас сөйлемдер: салалас сөйлем, сабақтас сөйлем т.б. Осы кіші жүйелердің құрамында тағы да кіші жүйелер жайғастырылған. Мысалы: салалас я сабақтас сөйлемдердің түрлерінің жүйелері.

Сонымен, кітаптың жалпы жүйелік-құрылымдық (парадигмалық) көрінісі көп қисынды, бірақ негізгісі, жалпыламасы вертикалды, себебі бірінші бөлімде кіші тіл бірліктері зерттеледі (сөйлем мүшелері), екінші бөлімде үлкен тіл бірліктері зерттеледі (сөйлем түрлері). Яғни, вертикалды зерттеу әдістемесінің екінші түрі төменнен жоғары қарай баратын бағытта орындалған.

А. Байтұрсынұлының еңбектерін жүйелік-құрылымдық тіл білімінің негізінде зерттеу барысының қорытындысы төмендегідей:

Ғалымның нақ ғылыми, ғылыми-әдістемелік мұрасы, өзінің тілтанымдық көзқарастары, ұстанымдары, зерттеу, жазылым жасау әдістемелері, әлемдік тіл білімінің бүгінгі шындалған биіктігіне көтерілген еңбектері – 111 жылдан бері тек гуманитарлық емес, басқа салаларда да доминанта болған, болып тұрған жүйелік-құрылымдық ғылыми білімдер парадигмасының үлгілі туындылары, көрсеткіштері.

А. Байтұрсынұлының еңбектеріндегі бүгінгі антропоцентристік тіл білімінің (парадигмасының) бағытынан орын алатын ғылыми түйіндер, көріністер.

А. Байтұрсынұлының жүйелік-құрылымдық ғылыми мұрасының ішкі дүниесінен антропоцентризм (яғни бүгінгі және ертеңгі) тіл білімінің талаптарына жауап беретін, осы ғылыми бағыттың аясында айтылған, түйінделген көзқарастар, шешімдер, болжамдар орын алған. Оның себебі, жоғарыда айтылғандай, әр жаңа ғылыми кезең (парадигма), әр жаңа теория дәстүрлі, яғни сол кезде доминанта болып тұрған ғылыми бағыттың ішкі дүниесінде басталады, қанатын қаға бастайды.

1914 жыл. Тіл – құрал. Орынбор.

1925 жыл. Тіл – құрал. Қызыл-Орда, бесінші басылуы.

А. Байтұрсынұлының осы кітабының бірінші басылымы да, бесінші басылымы да (арада 15 жыл) бір түрлі сөйлемдермен, бір түрлі ғылыми тұжырымдармен басталады. Сөйлемдердің, тұжырымдардың ішкі де, сыртқы да дүниесі нағыз антропоцентристік.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді...» (Байтұрсынұлы, 1992: 141, 173).

Осы екі басылымдағы мәтін үзіндісі бірдей, бірақ бесінші басылымында екі өзгеріс бар (мағыналық, мазмұндық емес): 1) бірінші басылымда «дүние» сөзі «дүниедағы» деп («я») жазылған, бесінші басылымда «дүниедегі» деп («е») жазылған; 2) бірінші басылымда осы мәтін

үзіндісі үш сөйлемнен тұрады (жоғарыда берілген цитатаны қараңыз), бесінші басылымда екі сөйлемнен тұрады; «осы күнгі адамдар...» жеке үшінші сөйлем ретінде емес, екінші сөйлемнің жалғасы ретінде соның құрамында берілген. Мұндай бір орфографиялық, бір сөйлем құрылымындағы өзгерістер мәтіндегі ойға, ғылыми тұжырымға, автордың антропоцентристік көзқарасына кері әсерін тигізбейді.

Осы мәтін үндестігіндегі бірінші сөйлемді ғана антропоцентристік тіл білімі бағытында талқылағанның өзінде бәрі түсінікті болады.

1. Тіл – адамда, себебі тіл – «адамның жұмсайтын қаруының бірі», яғни тіл адам әлемінде өмір сүреді.

2. Тіл – адамда, себебі «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» (яғни қайталаймыз: тіл адамзат әлемінде өмір сүреді).

3. Адам – тілде, себебі адамзат тіл әлемінде өмір сүреді. Адам тілден, сөйлеуден айырылса, онда өзінің «адамдық белгісінің зоры» тілдесімдік қызмет жасай алмай қалады, яғни адам тіл әлемінде өмір сүруден шығып кетеді. Бірақ адам тіл әлемінде өмір сүретін болған соң, тілдесім қызметінен айырылмайды, себебі адам – тілде, адам – тіл әлемінде өмір сүреді, ал тіл – адам әлемінде өмір сүреді.

А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі антропоцентризм эксплицитты түрде де, имплицитты түрде де орын алған. Антропоцентризм – жалпы адамзаттық және ұлттық (қазақи) аспектілерінде жарияланған.

Мысалы, 1912 жылы жарық көрген «Оқу құралы» еңбегіндегі бір шумақта антропоцентризм жалпыадамзаттық (яғни универсалды) түрінде айтылған.

Құлақ екеу, ауыз біреу

Ол не үшін бұлай?

Көп тыңдап, аз сөйлеуге

Жаратқаны солай.

(Байтұрсынов, 1912, 1992: 43).

Осы және осындай шумақтар балаларға дене мүшелерінің аттарын, олардың адам үшін атқаратын қызметтерін үйрету үшін тапсырма ретінде ұсынылған. Контекстің тәрбиелік, мәдени танымдық, білімдік мәні биік.

Шумақта антропоцентризм жалпыадамзаттық деңгейде ұсынылғанының себебі – «көп тыңдап, аз сөйлеу» барлық ұлтқа, барлық индивидке, қоғамдарға тиісті, тілдік қатынас жасаудың өте маңызды ережесі, ұстанымы. Яғни бұл шумақтың мәні, ішкі дүниесіндегі өсиеті, насихаты адамдардың бәріне бірдей тиісті болып тұр.

Контексте антропоцентризм имплицитты түрде көрсетілген: адамды атайтын сөздер қолданылмаған, бірақ насихат, өсиет бір адамға да, көп адамға да арналған. Яғни жалпыадамзаттық антропоцентризм.

Еңбекте мақал-мәтелдер жиі қолданылған: *Екпей, егін шықпас, үйренбей, білім жұқпас* (Байтұрсынов, 1912, 1992: 46). Мақалда антропоцентризм ашық көрсетілген, себебі өсиеті, насихаты адамға арналған. Осы мақалда да антропоцентризм жалпыадамзаттық: барлық халықтың адамдары еңбек етпесе, егіні шықпайды, оқымаса, білімі болмайды. Антропоцентризм имплицитты әдіспен жарияланған, себебі мақалда адамды атайтын сөз қолданылмаған.

1925 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» (5-басылымы) еңбегінде де антропоцентризм үлкен орын алған.

Келіңдер, бозбалалар, атты алыңдар!

Жетектеп, тоғайыма ап барыңдар!

Жабыңдар жабуына түкті кілем,

Тазалап, жуып, тарап баптаңыздар!

(Байтұрсынұлы, 1925, 1992: 298).

Шумақта антропоцентризм эксплицитты түрде көрсетілген, себебі адам ұғымын білдіретін, атайтын сөз қолданылған: ол сөз – «балалар» сөзі. Шумақта жалпыадамзаттық антропоцентризммен ұлттық (қазақи) антропоцентризм бірге орын алған:

1) балалар, аттар т.б. – бұлар жалпыадамзаттық ұғымдар, заттар, атаулар. Осы шумақтағы басқа сөздер де мәтінде универсалды антропоцентризмді ашып тұр;

2) түкті кілем, оны ат үстіне жабу: қазақи-ұлттық антропоцентризмді көрсетіп тұр. Ат үстіне кілем жауып, баптап, жетектеп, ел алдына алып шығу – қазақтың ұлттық мәдениетінің көрсеткіші, сана-сезімінде (когнициясында) қалыптасқан психобейнесі.

Сонымен, А. Байтұрсынұлының еңбектерінде жалпыадамзаттық және қазақи-ұлттық антропоцентризм бірігіп, қызмет атқарады. Олар сөз қолданысы арқылы бөлініп тұрғанымен, жалпы антропоцентризм философиясында бөлінбейді, бір үлкен дүние болып қалыптасып, қызмет атқарады. Біріншісі – жалпыадамзаттық антропоцентризм аспектісі барлық ұлттарға ортақ дүние, екіншісі – ұлттық антропоцентризм аспектісі, жалпыадамзаттық антропоцентризмнің көпұлттық антропоцентризм түрлерінен құралғанын көрсетеді, бірақ түпкі негізінде антропоцентризм жалпыадамзаттық болып қалыптаса бастаған.

А. Байтұрсынұлы еңбектеріндегі насихат, өсиет пайдаланған мақалдарда, сөздерде т.б. тіл материалдарында антропоцентризмді қалыптастырып, солардың ішкі және сыртқы дүниесінің ұғымдық, философиялық байлығының көрсеткіші, жариялаушысы деңгейінде қызмет атқарады. Себебі оларды халық өзі үшін, яғни қазақ үшін және жалпыадамзат үшін тіл әлемінде антропоцентризмді жасап, қалыптастырған. А. Байтұрсынұлы соны нақ ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектерінде ұлттық дүниенің тілдесімдік негізі ретінде өзінің ғылыми-мәдени интерпретациясында жазылымын жасаған.

А. Байтұрсынұлының нақ ғылыми, ғылыми-әдістемелік, тілтанымдық, әдебиеттанымдық еңбектерінде, көркем шығармаларының мағына әлемінде қазақ ұғымы, қазақ бейнесі, қазақ тілінің статикасы мен динамикасы әлемдік көріністерді қазақша қабылдап, қазақша жеткізуі көрініп тұрады. Яғни еңбектеріндегі қазақи-ұлттық антропоцентризм аспектісі қазақты өзіне тартып тұрады, себебі тіл, тілдесімдік материалдары саф ауадай таза қазақ тілінен алынған, мәтіндерін қазақи ойлау-қабілеті негізінде жасаған.

Сонымен, А. Байтұрсынұлының осыдан 111 жыл бұрын жасаған ғылыми тұжырымы бүгінгі антропоцентристік тіл білімі (парадигма) бағытынан өзіне тән, әділді, дәлелді орын алып тұр.

Әрине, А. Байтұрсынұлы мұрасы – ең алдымен, жүйелік-құрылымдық тіл білімінің айқын көрсеткіші. Бірақ сонымен қатар, еңбектерінде тарихи-салыстырмалы, антропоцентристік тіл білімдерінің (парадигмаларының) сарындары мөр басқандай көрініп тұр.

Бұл мәселеге байланысты айтып кететін жағдай: антропоцентристік тіл білімінің (парадигмаларының) бастамасы тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық тіл білімдері (парадигмалары) аясында басталды. (Әсіресе, жүйелік-құрылымдық тіл білімі аясында). Яғни антропоцентристік тілтанымдық ой-пікірлерді кезінде бірнеше белгілі ғалым айтып кеткен, бірақ олар антропоцентристік тіл білімі (парадигма) терминін қолданбаған. Бұл термин жақында пайда болып, тіл білімі әлеміне тез еніп кетті (Маслова, 2008; Алефиренко, 2005). В.А. Маслова сондай ғалымдар қатарынан әлемдік тіл білімінде белгілі бірнеше ғалымның атын атап, еңбектерінен ғылыми дәлелдер келтіреді. Олар: В. фон Гумбольдт, Ф. де Соссюр, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия, П. Серио, В.А. Звегинцев, Б.А. Серебряников, Ю.С. Степанов, Ю.Н. Караулов, В.В. Виноградов т.б. (Маслова, 2008: 5-16).

Қазақ және жалпы түркі тіл білімінде, планетарлық тіл білімінде осындай «көріпкел» ғалымдардың бірі – А. Байтұрсынұлы. Осы мәселеге байланысты тіл біліміндегі болашақ антропоцентристік бағытты ғалым пайымдаған, болжамдаған. Сондықтан А. Байтұрсынұлының аты жоғарыда аттары аталған әлемдік тіл білімінде мәні биік ғалымдардың қатарынан орын алады.

А. Байтұрсынұлы осы еңбегін «Тіл – құрал» деп атаған, яғни тіл – адам қолданатын құрал, аспап (тіл – құрал, тіл – аспап), қару. Тілді құрал ұғымында осыдан 111 жыл бұрын (мысалы, орыс тіл білімінде) қолданылмайтын еді. Орыс тіл білімінде дәстүр бойынша «язык – средство», «язык – средство общения» терминдері қолданылады. «Средство» сөзінің мағынасы «құрал», «аспап» сөздерінің мағынасынан кең. Қостілді сөздікте «средство» сөзі қазақ тіліне, ең алдымен, *амал*, содан кейін *құрал*, *әдіс*, *тәсіл* болып аударылған (Русско-казахский словарь, 2007, Т.2, 389 с.). Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігінде «средство» сөзіне үш мағына берілген. Негізгі (бірінші) мағынасы – «Прием, способ действия для достижения чего-л...» (БТС, 2002: 1256). Үш мағынасында да «құрал», «аспап» (инструмент, инструментарий) ұғымы көрсетілмеген. Екінші мағынасында «орудие (предмет, приспособление и т.п. или их совокупность), необходимое для осуществления какой-л. деятельности...» (БТС, 2002: 1256) деген түсінік бар. Олай болса,

«Орысша-қазақша сөздіктегі» «средство» сөзінің аудармасын тек «амал, тәсіл» емес, «құрал» деп те беруі күдік тудырып тұр. Жоғарыда көрсетілгендей (БТС-те), «средство» сөзіне «құрал», «аспап» (инструмент) деген мағына жүктелмеген.

А. Байтұрсынұлы кітапты «Тіл – құрал» деп атаған, яғни аспап (инструмент, инструментарий), ал кітаптың бірінші сөйлемінде тілді қару деген («жұмсайтын қаруының бірі»), яғни қолданатын әскери қару-жарақ мағынасында қолданған. Сонымен, қазіргі қазақ тілінің семантикалық деңгейінен қарасақ, онда «тіл» сөзі екі түрлі мағынада қолданылған: құрал – аспап (инструмент, инструментарий); қару – әскери қару-жарақ (орудие, оружие). XX ғасырдың басында қазақ тілінде осы екі сөздің мағыналары бүгінгідей екі түрлі болған ба, жоқ әлде осы екі сөз бір мағынаны білдірген бе?

Егер *құрал*, *қару* сөздері сол кезде бір мағынада қолданылған болса, онда бұлар тіл тарихында синонимдер болғанын көрсетеді. Сол кезде қазақ тілінде *құрал*, *қару* сөздері бүгінгідей екі мағынаны білдірген болса, онда А. Байтұрсынұлы тілдің адам, қоғам өміріндегі әлеуметтік қызметін теңсіз күшті дүние екенін білдіру үшін *қару* сөзін де қолданған болады. Себебі қазақ тілінде мынадай мақалдар, қанатты сөздер бар: *қылышты қылыш тоқтатпағанда, тіл тоқтатады; тіл қылыштан өткір: тіл (сөз) жүректі теседі* т.б. Яғни тіл қарудың да (қылыштың, найзаның, оқтың т.б.) қызметін атқарады. Сәті келгенде, олардың қызметінен үстем болады.

Әлем тіл білімінде тілге ғылыми анықтама бергенде, «құрал» (инструмент), «қару» (орудие) сөздері бүгінге дейін қолданылмаған. Бірінші болып тілдің ғылыми анықтамасын бергенде, *құрал* сөзін де, *қару* сөзін де А. Байтұрсынұлы қолданды (Байтұрсынұлы, 1914, 1992).

Соңғы жылдары жаңа бағыттағы (антропоцентризм) тілші-зерттеушілер орыс тілінде «язык – инструмент», «язык – инструментарий» терминдерін пайдаланып жүр (Маслова, 2008). Бұл қолданыстың мағынасы: «язык – инструмент» – «тіл – құрал», «тіл – адамның құралы», «тіл – адамның аспабы», «язык – инструментарий» – «тіл – құралдар жиынтығы». Орыс тіл білімінде 1999 жылы *қару* сөзін тілге қатысты С.Г. Тер-Минасова қолданды (Тер-Минасова, 1999, 2000).

Сонымен, осыдан 111 жыл бұрын, XX ғасырдың басында, Еуразия, түркі тіл білімінде тілді *құрал*, *қару* (инструмент, орудие) ұғымында бірінші болып пайдаланған және ол ұғымды, терминді ғылым саласына, білім беру саласына нықтап ендірген ғалым – А. Байтұрсынұлы.

Қазақ тіл білімі саласындағы мамандар арасында қазақ тіліндегі «тіл – құрал», «тіл – қатынас құралы» және орыс тіліндегі «язык – средство общения» терминдері эквиваленттік терминдер ұғымында тарап кеткен.

Қорытынды

«Парадигма» ұғымы, термині тілтаным ғылымында Ф. Соссюр мен Т. Кунның түсініктерінде қарастырылды. Термин бір мағыналы болады. Ал тіл білімінде «парадигма» термині екі мағыналы болып қалғанға ұқсайды. «Парадигма» термині тіл білімінде екі мағыналы емес, себебі: а) Ф.Соссюрдың парадигма түсінігі (әлем тілдерінің ғылыми жазылымы осы концепция негізінде жасалған) тіл біліміндегі ұғымды білдіреді; ә) Т. Кунның парадигма түсінігі жалпы ғылымтаным саласындағы ғылыми кезеңдер (дәуірлер) ұғымын білдіреді.

А. Байтұрсынұлы еңбек еткен кезде АҚШ-тың ғылымтанушысы Т. Кунның парадигма концепциясы дүниеге келмеген, сондықтан «парадигма» ұғымы Ф. Соссюр қалыптастырған түсінік негізінде әлем тілтанымында қабылданып, кең тарады. А. Байтұрсынұлының тілтанымдық, лингводидактикалық, әдістемелік еңбектері басқа да әлем ғалымдарының еңбектеріндегідей Ф.Соссюрдың парадигма, парадигматика концепциясы түсінігінде жазылған. Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы еңбектерінде қазіргі дамып келе жатқан Т. Кунның концепциясы негізінде жасалған үш ғылыми білімдердің парадигмалары да өз орнын тапқан.

А. Байтұрсынұлы – тілші, әдістемеші ретінде осы заман тілтанымы тарихындағы жүйелік-құрылымдық тіл білімі (парадигма) аясында орасан көп қызмет еткен маман. Сонымен қатар ол – кешегі (XIX ғасыр) тарихи-салыстырмалы тіл білімі (парадигма) аясында да, бүгінгі (ол кезде келешек XXI ғасыр) антропоцентристік тіл білімі (парадигма) аясында да ғылыми із қалдырған, кеше мен бүгінді және болашақты ғылыми қажеттілік деңгейіне байланысты біріктіре білген маман. А.Байтұрсынұлының тілтанымдық еңбектерінің ішкі дүниесінің ғылыми мәні үш ғылыми білімдер парадигмасына да ортақ дүние болып тұр. Ол ғылыми мұраның үш уақыт кезеңіндегі тіл

білімінің түрлеріне (ғылыми білімдер парадигмаларына) ортақтық қатынасының көлемі әртүрлі.

Антропоцентризм бағыты ғалымның тілтаным, лингводидактика, әдістемеге арналған тіл материалдарында да кеңінен орын алған. Тілді теория, жүйе ретінде үйретуге арналған жаттығуларда пайдаланған мақал-мәтелдер мен мәтіндерде антропоцентризмнің екі тұғырлық дүние екендігі ұтымды көрсетілген (адамзаттық, қазақи, ұлттық). Яғни оқушылар сондай тілдік материал негізінде тапсырмалар орындап, адам туралы ұғымның біріккен екі аспектіден тұратынын үйренеді, сондықтан олардың сана-сезімінде жалпы адам жайында (универсалды антропоцентризм аспектісі) және қазақ адамы жайында (ұлттық-мәдени антропоцентризм аспектісі) түсініктер қалыптасады. Сол себептен А. Байтұрсынұлы еңбектерінен жалпы адам бейнесі және қазақ адамының ішкі дүниесі көрініп тұрады.

«Тіл – құрал», «тіл – қару» ұғымдары тіл үйрететін оқулықтың атауы болды. Тіл – құрал, себебі тіл арқылы (тілді құрал ретінде қолданып) адам әлемді таниды, адамзаттық және қазақи ұлттық көріністерін қабылдап, өзінің өмір сүру дағдысын, әлем туралы білімін қалыптастырады, дамытады. Тіл – құрал, себебі адамды өмірге дайындайтын вербалды қатынастың жасаушысы, негізгі қызмет атқарушысы: тіл – адам әлемінде өмір сүреді, адам – тіл әлемінде өмір сүреді. Бұл заңдылық – тіл біліміндегі антропоцентризм бағытының ұғымдық негізі. Ал олай өмір сүру адамның вербалды жанды дүние ретінде, тілдің құрал ретінде қызмет атқаруы арқылы жүзеге асады.

Тіл – әрі құрал, әрі қару. Тіл – қару, себебі ол тек құрал қызметін атқармайды, қару қызметін де атқарады. Адам тілді құрал ретінде пайдаланып (оқуда, тілдік коммуникация түрлерінде т.б.), оны қоғамдық, әлеуметтік қару деңгейіне көтереді. Тіл көп жағдайда жалпы әлеуметтік, ұлтаралық қатынас мәселелерін (жауынгердің қолындағы қарумен емес) шеше алады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы тілді «адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» деп анықтайды. Яғни, әрі «зоры», әрі «қаруы». Бұл сөздердің семантикаларының құрылымында «әл, күш, қуат» мағыналары ұялаған, сондықтан тіл – әрі құрал, әрі зор белгі, әрі қару.

А. Байтұрсынұлының осыдан 111 жыл бұрын жазылған еңбектерінде сол кезеңде де, бүгінгі күні де ғылыми жаңалық ретінде қабылданатын ұғымдар мен терминдер қолданылған. Бұл ұғымдар тілтанымдық және әдістемелік салаларға енгізіліп, әрі қарай дамытылған. Тілтанымдағы үш антропоцентристік ғылыми білім парадигмасы А. Байтұрсынұлы еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Осылайша, ғалымның тілтанымдық, лингводидактикалық және әдістемелік мұралары 111 жылдық уақыт кеңістігінде өзінің заманаралық маңызын дәлелдеп, келешек ұрпаққа бағыт-бағдар болар ғылыми мұра ретінде өрісін кеңейтіп келеді.

Әдебиеттер

- Алефиренко Н. Ф. Современные проблемы науки о языке. – Москва: Флинта, 2005. – 416 с.
- Антропоцентризм в языке и культуре. – Москва: Индрик, 2017. – 264 с.
- Байтұрсынов А. Тіл – құрал (дыбыс жүйесі мен түрлері). 1-інші тіл танытқыш кітап. – Қызыл-Орда, 1925 // А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы (қазақ тілімен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 173-198-бб.
- Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш // А. Байтұрсынов «Ақ жол». – Алматы: Жалын, (1926), 1991. – 340-461-бб.
- Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 447 б.
- Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Қазақша алифба. 1-кітап. Орынбор, 1912 // А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы (қазақ тілімен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 33-47-бб.
- Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. Орынбор, 1914 // Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 141-171-бб.
- Большой толковый словарь русского языка. – Санкт-Петербург: Норинт, 2002. – 536 с.
- Большой энциклопедический словарь. Языкознание. /Гл. ред. В.Н. Ярцева. – Москва: научное издательство «Большая Российская энциклопедия», 2000. – 687 с.
- Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков. – Москва: Высшая школа, 1983. – 267 с.
- Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 2000. – 400 с.
- Джусупов М. Фонемография А.Байтұрсынова и фонология сингорманизма. – Ташкент: Узбекистан, 1995. – 178 с.
- Джусупов М., Ибраимов Қ.Ш. Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика. – Алматы: Әлем, 2015.

- Джусупов Н.М. Когнитивная стилистика: теория и практика, стратегии выдвигания в художественном тексте. – Ташкент: VNESHINVESTPROM, 2019. – 464 с.
- Джусупов М. Антропоцентризм в триединстве человек – язык – социум и его выражение в пословице // Иностранные языки в Узбекистане. – 2023. – № 5 (52). – С. 122-142.
- Джусупов М. Полиаспектный характер выражения антропоцентризма в пословицах русского, казахского, узбекского, английского языков. – Tiltanym, 2024(3). – С. 12-21.
- Жүсіпұлы Маханбет (Джусупов М.) Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 218 б.
- Кун Т. Структура научных революций. – Москва: Прогресс, 1977. – 300 с.
- Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию: учеб. пособие. – Москва: Наследие, 1997. – 206 с.
- Маслова В.А. Современные направления в лингвистике. – Москва: Издательский центр «Академия», 2008. – 272 с.
- Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж: Истоки, 2001. – 191 с.
- Русско-казахский словарь. Т. 2. – Алматы, 2007. – 635 с.
- Соссюр Ф. Курс общей лингвистики. – Москва: Логос, 1998. – 296 с.
- Тер-Минасова С.Г. Язык как орудие культуры. – Москва: МГУ, 1999. – 110 с.
- Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация : учебное пособие. 3-е изд. – Москва: МГУ, 2008. – 352 с.
- Тіл білімі сөздігі. «Словарь по языкознанию». – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 с.
- Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Москва: ЛКИ, 2008. – 432 с.
- Юсупов У.К. Теоретические основы сопоставительной лингвистики. – Ташкент: Фан, 2007. – 126 с.

References

- Alefirenko, N.F. (2005) *Sovremennye problemy nauki o jazyke*. Moskva: Flinta. 416 s. [Alefirenko, N. F. (2005) *Modern Problems of the Science of Language*. Moscow: Flinta. 416 p.] (in Russian)
- Antropocentrizm v jazyke i kul'ture (2017). Moskva: Indrik, 264 s. [Anthropocentrism in Language and Culture. (2017) Moscow: Indrik, 264 p.] (in Russian)
- Baitursynov, A. (1925) *Til – qural (dybys jujesi men turleri)*. 1-shi til tanytqysh kitap. Qyzyl-Orda. In A.Baitursynov (Red.) (1992) *Til tagylymy (qazaq tili men oqu-agartuga qatysty engbekteri)*. B. 173-198. Almaty: Ana tili. [Baitursynov, A. (1925) *Language Tool (sound system and types)*. First Language Introduction Book. Qyzyl-Orda. In A.Baitursynov (Ed.) (1992) *Language Learning (works related to the Kazakh language and education)*. P. 173-198. Almaty: Ana tili.] (in Kazakh)
- Baitursynov, A. (1991) *Adebiet tanytqysh*. A. Baitursynov (Red.) *Aq zhol*. P. 340-461. Almaty: Zhalyln. [Baitursynov, A. (1991) *Introduction to Literature*. A. Baitursynov (Ed.), *Aq zhol*. P. 340-461. Almaty: Zhalyln.] (in Kazakh)
- Baitursynov, A. (1992) *Til tagylymy (qazaq tili men oqu-agartuga qatysty engbekteri)*. Almaty: Ana tili, 447 b. [Baitursynov, A. (1992) *Language Learning (works related to the Kazakh language and education)*. Almaty: Ana tili, 447 p.] (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (1912) *Oqu quraly. Qazaqsha alifba*. 1 kitap. Orynbor. In A. Baitursynov (Red.) (1992) *Til tagylymy (qazaq tili men oqu-agartuga qatysty engbekteri)*. P. 33-47. Almaty: Ana tili. [Baitursynuly, A. *Teaching Aid. Kazakh Alphabet. First Book*. Orynbor. In A. Baitursynov (Ed.) (1992) *Language Learning (works related to the Kazakh language and education)*. P. 33-47. Almaty: Ana tili.] (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (1914) *Til – qural (qazaq tilining sarfy)*. Birinshi zhylygy. Orynbor, 1914. Baitursynuly, A. (1992) *Til tagylymy (qazaq tili men oqu-agartuga qatysty engbekteri)*. Almaty: Ana tili. B. 141-171. [Baitursynuly, A. (1914) *Language – Tool (Grammar of the Kazakh Language)*. First Year. Orynbor, 1914. Baitursynuly, A. (1992) *Language Learning (works related to the Kazakh language and education)*. Almaty: Ana tili. P. 141-171.] (in Kazakh)
- Bol'shoj tolkovyj slovar` russkogo jazyka (2002). Sankt-Peterburg: Norint, 536 s. [The Great Explanatory Dictionary of the Russian Language (2002). Saint Petersburg: Norint, 536 p.] (in Russian)
- Bol'shoj jenciklopedicheskij slovar`. Jazykoznanie. (2000) Moskva: Bol'shaya Rossijskaja jenciklopediya, 687 s. [The Great Encyclopedic Dictionary. Linguistics. (2000) Moscow: Bolshaya Rossiyskaya enciklopediya, 687 p.] (in Russian)
- Buranov, Dzh. (1983) *Sravnitel'naja tipologija anglijskogo i tjurkskih jazykov*. Moskva: Vysshaja shkola, 267 s. [Buranov, Dzh. (1983) *Comparative Typology of English and Turkic Languages*. Moscow: Vysshaja shkola, 267 p.] (in Russian)
- Humboldt, W. (2000) *Izbrannye trudy po jazykovedeniju*. Per. s nem. Moskva: Progress, 400 s. [Humboldt, W. (2000) *Selected Works on Linguistics*. Transl. from German. Moscow: Progress, 400 p.] (in Russian)
- Dzhusupov, M. (1995) *Fonemografija A. Baitursynova i fonologija singarmonisma*. Tashkent: Uzbekistan, 178 s. [Dzhusupov, M. (1995) *Phonemography of A. Baitursynov and Phonology of Singarmonism*. Tashkent: Uzbekistan, 178 p.] (in Russian)
- Dzhusupov, M., Ibraimov, Q.Sh. (2015) *Ahmet Baitursynuly: gylmytany, terminzhasam, stilistika*. Almaty: Alem. [Dzhusupov, M., Ibraimov, Q.Sh. (2015) *Akhmet Baitursynuly: Scientific Study, Terminology, Stylistics*. Almaty: Alem.] (in Kazakh)
- Dzhusupov, N.M. (2019) *Kognitivnaja stilistika: teorija i praktika, strategii vydvizhenija v hudozhestvennom tekste*. Tashkent: VNESHINVESTPROM, 464 s. [Dzhusupov, N.M. (2019) *Cognitive Stylistics: Theory and Practice, Strategies of Promotion in a Literary Text*. Tashkent: VNESHINVESTPROM, 464 p.] (in Russian)
- Dzhusupov, M. (2023) *Antropocentrizm v triedinstve chelovek – jazyk – socium i ego vyrazhenie v poslovice*.

- Inostrannye jazyki v Uzbekistane. (5)52. S. 122-142. [Dzhusupov, M. (2023) Anthropocentrism in the Trinity of Man – Language – Society and Its Expression in Proverbs. Foreign Languages in Uzbekistan. (5)52. P. 122-142.] (in Russian)
- Dzhusupov, M. (2024) Poliaspektnyj harakter vyrazhenija antropocentrizma v poslovicah russkogo, kazakhskogo, uzbekskogo, anglijskogo jazykov. Tiltany, No 3. S. 12-21. [Dzhusupov, M. (2024) Polyaspectual Nature of Expressing Anthropocentrism in Proverbs of Russian, Kazakh, Uzbek, English Languages. Tiltany, No 3, P. 12-21.] (in Russian)
- Kuhn, T. (1977) Struktura nauchnyh revoljucij. Moskva: Progress, 300 s. [Kuhn, T. (1977) The Structure of Scientific Revolutions. Moscow: Progress, 300 p.] (in Russian)
- Maslova, V.A. (1997) Vvedenie v lingvokul'turologiju: uchebnoe posobie. Moskva: Nasledie, 206 s. [Maslova, V.A. (1997) Introduction to Linguoculturology: Study Guide. Moscow: Nasledie, 206 p.] (in Russian)
- Maslova, V.A. (2008) Sovremennye napravlenija v lingvistike. Moskva: izd. centr Akademija, 272 s. [Maslova, V.A. (2008) Modern Directions in Linguistics. Moscow: Publishing Center Akademiya, 272 p.] (in Russian)
- Popova, Z.D., Sternin, I.A. (2001) Oчерki po kognitivnoj lingvistike. Voronezh: Istoki, 191 s. [Popova, Z.D., Sternin, I.A. (2001) Essays on Cognitive Linguistics. Voronezh: Istoki, 191 p.] (in Russian)
- Russko-kazahskij slovar` (2007) T. 2. Almaty, 635 s. [Russian-Kazakh Dictionary. (2007) Vol. 2. Almaty, 635 p.] (in Russian)
- Saussure, F. (1933) Kurs obychnoj lingvistiki. Moskva: Logos, 296 s. [Saussure, F. (1933) Course in General Linguistics. Moscow: Logos, 296 p.] (in Russian)
- Ter-Minasova, S.G. (1999) Jazyk kak orudie kul'tury. Moskva: MGU, 110 s. [Ter-Minasova, S.G. (1999) Language as a Tool of Culture. Moscow: MGU, 110 p.] (in Russian)
- Ter-Minasova, S.G. (2008) Jazyk i mezhkul'turnaja kommunikacija: uchebnoe posobie (3-e izd.). Moskva: MGU, 352 s. [Ter-Minasova, S.G. (2008) Language and Intercultural Communication: Study Guide (3rd edition). Moscow: MGU, 352 p.] (in Russian)
- Til bilimi sozdigi. (1998) Almaty: Gylym, 544 s. [Dictionary of Linguistics. (1998) Almaty: Gylym, 544 p.] (in Kazakh)
- Shcherba, L.V. (2008) Jazykovaja sistema i rechevaja dejatel'nost`. Moskva: izd. LKI, 432 s. [Shcherba, L.V. (2008) Language System and Speech Activity. Moscow: LKI Publ. house, 432 p.] (in Russian)
- Yusupov, U.K. (2007) Teoreticheskie osnovy sopostavitel'noj lingvistiki. Tashkent: Fan, 126 s. [Yusupov, U.K. (2007) Theoretical Foundations of Comparative Linguistics. Tashkent: Fan, 126 p.] (in Russian)
- Zhusipuly, M. (Dzhusupov M.) (1998) Ahmet Baitursynov zhane qazirgi qazaq tili fonologijasy. Almaty: Gylym, 218 b. [Zhusipuly, M. (Dzhusupov M.) (1998) Akhmet Baitursynov and Modern Kazakh Phonology. Almaty: Gylym, 218 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 20.02.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 25.06.2025.

© Джусупов М., 2025

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2025